

## Көшеге ат қою туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданы әкімдігі Рысқұлов ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 6 қыркүйектегі N 36 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Түлкібас ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 22 қыркүйекте N 14-14-119 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Заңы 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес және аумақ халқының пікірін ескере отырып **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Түлкібас ауданы, Рысқұлов ауылдық округі, Азаттық ауылындағы атауы жоқ көшеге **Әлібек Байысбаевтың** аты қойылсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өз құзыретіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*Х.Рсымбетов*